

Күлсары қаласы « 24 » 01 2025 ж.

Темірхан Байсырымов атындағы Күлсары гуманитарлық- техникалық колледжі атынан директоры Абдигалиева Мадина Сабиржановна және Жылыой ауданы білім беру бөлімі мемлекеттік мекемесі атынан басшы міндетін атқарушы Танатарова Гүлжансара Калиевна (ары қарай «Кәсіпорын») мұнан әрі қарай «Тараптар» деп аталатын стратегиялық ынтымақтастықты жүзеге асыру мақсатында білікті жұмысшы кадрлар мен техникалық және қызмет көрсету кадрларын даярлаудың сапасын арттыруда Мәміле «Тараптарының» ойлары мен қызығушылықтарын ескере отырып Жұмысшы мамандықтарының жылын жүзеге асыру аясында стратегиялық ынтымақтастық үшін «Тараптардың» мақсаттарын растайды және ынтымақтастық жөнінде осы Мәмілеге қол қойды.

### 1 Бап

Екі тарап теңдік пен өзара тиімділік негізінде Меморандум шеңберінде Қазақстанның Білім саласы үшін кадрлар даярлау саласындағы ынтымақтастық.

### 2 Бап

Екі тарап та дәріс беру саласында бірлесіп жұмыс істейтін болады:

- дәрістерді оқуға, кәсіби практикаларды жүргізуге және басқа да педагогикалық жұмыстарды жүргізуге кәсіпорыннан жетекші мамандарды шақыру арқылы;
- Мемлекеттік аттестаттаудың комиссия жұмысына және Педагогикалық мамандық соның ішінде 4S01120102 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиешісі» бітіруші курс студенттерінің кәсіби біліктілігінің деңгейін бағалау комиссия жұмысына қатысу үшін жетекші мамандарды ұсыну;
- кәсіпорынның мұқтаждығына сәйкес қызметкерлерін оқытуға және біліктілігін жоғарылатуға Педагогикалық мамандық соның ішінде 4S01120102 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиешісі» оқытушыларын қатыстыру арқылы;
- алдыңғы қатарлы технологиялар саласындағы біліктілігін жоғарылату мақсатында кәсіпорында ішкі ресурстар мен басқа да ұйымдармен және компаниялармен персоналдарға ұйымдастырылған оқу бағдарламаларына қатысу мүмкіндігін Темірхан Байсырымов атындағы Күлсары гуманитарлық- техникалық колледжі оқытушыларына ұсыну арқылы.

### 3 Бап

Оқу орны мен кәсіпорын бірлесе отырып еңбек нарығына қажетті жоғары білікті мамандар даярлауда Темірхан Байсырымов атындағы Күлсары гуманитарлық- техникалық колледжінің оқу-материалдық базасын тұрақты жетілдіріп отыруға тиісті, ол үшін:

- «Кәсіпорын» таңдалған мамандық бойынша оқытуға қажетті істен шыққан құрылғылар мен өзге де техниканы Темірхан Байсырымов атындағы Күлсары гуманитарлық- техникалық колледжіге қайтарымсыз беруді міндетіне алады.

### 4 Бап

Екі тарап та кәсіби талаптарға сәйкес мамандарды дайындауды дамыту және жетілдіру, кәсіби талаптарға сай болуын, өндірісте тәжірибе алу мақсатында өндірістік және диплом алдындағы тәжірибелерді ұйымдастыруды жетілдіретін болады.

- студенттердің жаңа технологияларды игеруіне және еңбектің жоғары өнімділік тәсілдеріне жағдай жасау.

**ТЖКБ ұйымы міндеттенеді :**

- өндірістік және диплом алды тәжірибе бағдарламасын «Кәсіпорынмен» келісу;
- арнаулы пәндер оқытушыларын және өндірістік оқыту шеберлерін тәжірибеден өту жөнінде «Кәсіпорынмен» мақұлдау;
- тәжірибе жетекшісі ретінде білікті оқытушыларды бөлуге;



- тәжірибе басталғанға дейін бір апта ішінде тәжірибенің әрбір нысаны мен бағдарламасын тізім бойынша көрсете отырып, тәжірибеге қатысатын студенттерді жіберу туралы бұйрықты кәсіпорынға ұсыну;

- тәжірибе базасында дәрістерге, саяхаттарға және дәрістерге қатысатын студенттердің тәжірибесі мен жұмыстарына әдістемелік басшылық етуді іске асыру.

#### **«Кәсіпорын» міндеті:**

- тәжірибеден өтетін жерлерде жұмыстың қауіпсіздік жағдайларымен студенттерді қамтамасыз етуге-қажетті құжаттамаларды рәсімдей отырып, еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықтан өткізу;

- цехтар мен бөлімдердегі білікті мамандар қатарынан тәжірибе жетекшісін тағайындау;

- ТЖКБ ұйымына оқу орнынан практика жетекшісі арқылы студенттердің практикадан өткені туралы растайтын құжаттарды ұсыну.

#### **5 Бап**

Осы келісім туралы Мәміле әрбір келісім жасасқан тараптардың бастамалары бойынша талқылауға ұсынылған, сондай-ақ екі тараптың жазбаша түрдегі жасалған келісімдері бойынша толықтырылуы немесе өзгеріс енгізілуі және жұмыстың өзге де түрлері болуы мүмкін. Осы келісім туралы Мәмілеге қандайда бір өзгерістер тек Тараптарға хабарлау негізінде жүзеге асырылуы мүмкін.

#### **6 Бап**

Осы келісім туралы Мәміленің жарамдылық мерзімі **02.09.2030жыл** Осы келісім туралы Мәміленің жарамдылық мерзімін тоқтатуға дейінгі алты айдан кем емес уақыт бұрын, басқа тарапты өз шешімі туралы жазбаша ескерте отырып, әрбір тарап осы келісім Мәміленің іс-әрекеттерін тоқтатуларына болады.

#### **7 Бап**

Осы келісім туралы Мәміле екі Тараптың құқығы бар тұлғалары қол қойған күннен бастап өз күшіне енеді.

Осы келісім туралы Мәміле екі данада ұсынылған және олардың күштері бірдей.

#### **Білім беру ұйымы:**

Т.Байсырымов атындағы Құлсары гуманитарлық – техникалық колледжі  
(білім беру ұйымның атауы)

Құлсары қаласы, А.Завершинский көшесі, 56  
(занды мекен-жайы)

+ 7 702 256 9156; 8 (71237) 5 – 01 – 44  
(байланыс телефоны)

Білім беру ұйымның басшысы

Абдигалиева Мадина Сабиржановна  
(Тегі, аты, әкесінің аты  
(бар болған жағдайда), қолы)

Мөр (мемлекеттік мекемелер үшін,  
(жеке меншік мекемелерде болған жағдайда))



#### **Кәсіпорын (ұйым):**

Жылыой ауданы білім беру мемлекеттік мекемесі  
(кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның атауы)

Құлсары қаласы,  
Х.Хабдешова - 52  
(занды мекен-жайы)

8 (71237) 5-43-27  
(байланыс телефоны)

Танатарова Гүлжансара  
Калиевна  
(Тегі, аты, әкесінің аты, қолы)

Мөр (мемлекеттік мекемелер үшін,  
(жеке меншік мекемелерде болған жағдайда))

